

ПРЕЗИДЕНТ – САПАЛЫ РЕФОРМАЛДАРДЫҢ КЕПІЛІ

20 қараша күні елімізде Қазақстан Республикасы президенттің сайлауы өтті. Ел өміріндегі осынау маңызды оқиғага белсene қатыстық. Жалпы, бул – ел өміріндегі тарихи оқиғаның бірі деп айта аламын. Сайлауга негұрлым дауыс берушілер көбірек қатысса, ол халықаралық қауымдастық алдындағы демократиялық ел ретіндегі беделдің арта түсуіне негіз болады.


Себебі, ол сайлау мәдениеті болып табылады. Экзитполдың мәліметі бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев дауыс берген азаматтардың 82 пайызынан астамының даусына ие болды деген хабар келген соң Шымкент қалалық штаб мүшшелері сағат 23:00 шамасында жиналышп, Қасым-Жомарт Кемелұлын шын жүректен күттүктастық.

Барлығымыздан болашақтан күтеріміз – Президентті сакрализация жасау емес, Мемлекет басшысын ел болашағының, қоғам дамуының, ел азаматтар үшін жасалатын реформалардың кепілі ретінде сену. Қазіргі таңда қогамда түйткіл тұстардың көп екенін халық сезініп отыр. Менің ойымша, осы тұста Президентке сенім артуымыздың уш себебі бар.

Біріншіден, Қасым-Жомарт Кемелұлы билік басына келген уақыттан бастап халық үнін естітін мемлекет орнатуды қолға алды. Қазіргі таңда бізге қажеті де осы.

Екіншіден, билік пен халық арасындағы байланысты орнатып, екі ортада алшақтықтың алдын алдып, Президенттің сезімен айтсақ, инклузивті қоғам құру үшін баршамыз болып жұмылуымыз керек.

Үшіншіден, қоғам дамуы үшін міндетті түрдө реформалар жүзеге асырылуы қажет. Ал қазіргі таңда қолға алынған реформаларды соңына дейін жеткізу үшін уақыт керек. Олар – жер мә-



селесі, аграрлық мәселе, ірі компаниялардың инвестиция қюю, жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта кәсіпті дамыту және ғылымды жандандыру, жастарға білімнің қолжетімділігін арттыру және жайлы мектептер салу мәселелері. Бұлардың барлығы қазіргі таңда жүзеге асырылада. Осы ауқымды реформалар берекелі қоғам орнатудың алғашқы шарттары болып саналады.

Сондықтан мен де белсенділік танытып, өз таңдауымды жасадым. Әділетті, жемқорлыққа қарсы қоғам құруға сіз бен біз болып атсалыстық. Қазақ тарихында Алаш қайраткерлерінің алға қойған мақсаттары XXI ғасырда шынтуайтында орнатылып жатса, ол Президенттің алға қойған мақсаттарымен тәпеп-тәң деп ойлаймын.

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,
Мұхтар Әуезов
атындағы Оқу
ректоры**